

|                                 |                                                                                   |                                                                     |                                                                                                           |
|---------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Областные конкурсы</b>       | «Золотой микрофон» – 2 лауреата<br>Конкурс плакатов «Мы выбираем жизнь» – 3 место | Конкурс «Юный музыкант» – 6 лауреатов.<br>Конкурс каз. яз.– 3 м.    | «ЗОЖ» – II место<br>Конкурс «Юный музыкант» 4 лауреата.<br>Конкурс каз. яз – 1 м.<br>Премия акима области |
| <b>Республиканские конкурсы</b> | «Юный музыкант»–2 м.<br>Дельфийские игры 2 м.                                     | Юный музыкант–1 м.<br>МАН – 1 м. Экология                           | Юный музыкант – Гран-при, 1 место.<br>Дельфийские игры 2 м.                                               |
| <b>Международные конкурсы</b>   | «Классика–2007» – 3 место<br>Конкурс Шостаковича (Москва) – 2 место               | «Фестиваль Дружбы» Москва-Гран-при,<br>«Золотой Голос» (Сатка)– 3м. | «Классика 2009» – Гран-при, 3 дипломанта.<br>Фестиваль «Дружба без границ» – диплом                       |

Отрадно сознавать, что сегодня государственная власть встала на путь борьбы с бездейственностью школьного образования. Разработана и внедряется программа патриотического воспитания. Через возрождение школьных ДО и молодежных движений дети и подростки вовлекаются в активную общественную жизнь. Тем не менее, несмотря на предпринимаемые государством шаги в этом направлении, учителя вместе с общественностью должны искать формы и методы эффективного гражданского воспитания наших детей. Казахстану необходимы граждане, осознающие свою ответственность за судьбу страны. Наша задача, задача родителей, учителей, политиков, общественности заключается в том, чтобы воспитать таких граждан. А для этого нашим детям в первую очередь необходимо привить любовь к своей Родине, чувство гражданского долга. И еще их надо научить умению, каждодневно являясь объектом политических манипуляций, оставаться субъектом политического процесса. Эта задача тем более важна, потому что лишь при этих условиях можно создать подлинно гражданское общество, способное не только осознанно избирать власть, но и грамотно ее контролировать, эффективно влиять на принимаемые этой властью решения.

## ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Бикеева Б.М.**

*«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 24 «А»  
бастауыш қазақ мектебі» ММ*

Қазіргі таңда еліміздегі оқу – тәрбие жұмысына байланысты болып жатқан жаңартулар мен тәрбие жұмысын қайта құруды міндеттейді.

Бүгінгі күні әрбір ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуы үшін, алға қойған мақсатымыз – жақсы тәрбие беру.

Ақыл ойдың алыбы Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» – деген даналық сөзі ұстаздардың әрбірінің санасынан шықпауы тиіс.

Қазақстандық білім жүйесіндегі мектептерде тәрбие беру ұлттық мазмұнға мемлекетіміздің саясатына негізделіп жүргізілуі керек десек, еліміздің 2015 жылға дейінгі білім беру саласын дамыту тұжырымдамасының негізгі идеясы Қазақстандағы білім беру жүйесін қарқынды дамыту және оның әлемдік өркениетте жүріп жатқан жаһандану мен ақпараттану үрдісіне лайықты үндесе алатындай деңгейде болу.

Демек, алдымыздағы қазіргі оқушыны болашағына нық жасай алатындай білімді, өрі руханият дүниесі бай адамгершілікті адам етіп тәрбиелеу міндеті тұр.

Ал жаһандану үрдісі жан – жағын түгел жайлап келе жатқан заманымызда қазақ сияқты аз ұлттардың өркениеттен өз орын алуы ұрпағынан жан - жақты, білімді, Отан-сүйгіш, елжанды, өз халқының әдеп- ғұрпын, салт -дәстүрін бойына сіңірген, туған халқы мен туған жері үшін жанын беруге бар, әрі батыл етіп тәрбиелеудің маңыздылығы бүгін де ерекше артып отырғаны ақиқат. Осы ақиқатты тану өз алдына, бұл бағытта орасан зор жұмыс істеу тағы да сол ұстаздардың еншісіне тиіп отыр.

Тәрбиелі ұстаз шәкірттерге жан – жақты тәрбиені адамгершілік тәрбиесінен бастайды. Себебі, бұл оның адамгершілік сенімін, белгілі мақсатқа, бағытқа жетелеу іс әрекетін ұйымдастыруды жетілдіреді. Сонда ғана ұстаз шәкірттерінің ізгі ниеттілігін, адалдығын, кішіпейілділігін қалыптастырады.

Кішіпейілділік отбасынан дамиды, оған ата-ананың берген тәрбиесі, тұрмыс тіршілігі көп әсер етеді. Халықта мақал бар: «Ұлық болсаң, кішік бол» – деген бұл сөздің мән – мағынасын балаға түсіндіру, үнемі айтып отыру ата – ана мен ұстаздардың парызы. Балаларды сыныптық ұжым ішінде қарым – қатынас кезінде, достарымен аралас-құралас кезінде қандай екенін білуге және сол мінезіне қарай отырып, оның мінез-құлқын жөндеуге және кішіпейілді, инабатты, мәдениетті, білімді етіп тәрбиелеуге болады.

Балаға өміріне қажетті тәлім – тәрбие ата – ана арқылы салт дәстүрге байланысты отбасында беріледі. Сондықтан дана халқымыз «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» – дегенді айтқан. Ата – аналар балаларына сыйлы болуы тиіс. Бірақ сый – сыяпат сүйіспеншіліктен туындауы қажет. Бала тәрбиелеуде «жігітті тәрбиелеген – әскерді тәрбиелейді, қызды тәрбиелеген – ұлтты тәрбиелейді» – деген қанатты сөздер бар. Үйдегі әке – шешенің тәрбиедегі көзқарасы бір болып, бала тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қараса нұр үстіне нұр болар еді. Ата – ана мен сынып жетекшілер тығыз байланыста болып, ұстаз бен ата – ананың ортақ пікірі ой түйіні бірге бағытталуы тиіс. Сонда ғана баланың тәлім – тәрбиесінен оң нәтиже күтуге болады.

Бала отбасы жағдайында өмірдегі әр түрлі жағдайларды өзін қалай ұстауды, үлкендермен, кішілермен қалай қарым – қатынас жасауды үйренеді. Мектепте сыныптастарымен сыйластық қарым – қатынастық, мәдениеттілікті, адамгершілікті үйренеді.

Тәрбие ананың сүтінен, тіпті құрсақта жатқанда берілді деген ата – бабаларымыз. Сондықтан еміп жатқан сәбидің «Балапаным, ақылды бол, еліңді қорғайтын асыл азамат бол, жақсы болсаң жақын көп» – деп маңдайынан сипаса, бала оны сезіп, емеурін білдіріп жатады екен.

Баласының ешкімге қиянат жасамайтын, ешкімді ренжітпейтін, адалдықты, мейірімділікті дарыта алған ата – ананы «адамның асылына» теңер едім.

Ата – ана үнемі баласына қамқорлық жасап, баланың немен айналысып жатқанын, сабағы қалай, қай сабақтан үлгерімі төмен, мектепте сыныптас құрбыларымен, басқа балалармен қарым – қатынасы қалай екенін біліп, үнемі мұғаліммен хабарласып отыруы керек.

Ата – ананың қамқорлығы мен сүйіспеншілігін сезінбеген бала қайырымдылық пен жылылықты сырттан іздейді. Осының әсерінен көшедегі жат қылықтарды бойына сіңіріп алады. Көшедегі кездейсоқ топтарға еріп, еліктеп, баланың ішімдік ішуге, темекі шегуге, дерекі сөйлеуге, жаман ойындарға қызығушылықтары артады. Мұғалімдеріне қарсы сөйлеу, ата – анаға бағынбау, сабақтан қашу сияқты жат қылықтар осының нәтижесі болып табылады. Міне, осындай баланы «қиын бала» деп атайды. «Қиын бала», яғни ата – ананың назарынан тыс қалған бала. Қиын бала біріншіден отбасының тәрбиесінің дұрыс ұйымдастырылмауынан, яғни тұрмыстағы ұрыс – талас, маскүнемдік, ата – ананың біреуінің болмауы, дұрыс талап қоймаушылық, балаға көңіл бөлмеу, қадағаламау т.б. Екіншіден мектептегі оқу тәрбие үрдісін ұйымдастыруда жіберілген кемшіліктер. Оқушылардың жеке басының мінез-құлық ерекшеліктерін, ынтасын, қызығушылығын, талап – тілегін ескермеуден. Баламен дұрыс қарым – қатынас жасап сөйлеспеуден туындаса, үшіншіден баланың араласатын ортасы, жан – жағындағы жолдастары. Жолдастарының кімдер екенін білу және олармен де қарым – қатынас жасап, қандай ортада шыққанын білу керек. «Қиын баланы» қайта тәрбиелеу үшін оның жағымсыз әдеттерінен арылтып, балаға көп көңіл бөліп, мектепте, сыныпта өткізілетін іс шараларға қатынастырып, спортқа, өнерге, мектептегі қоғамдық жұмыстарға қатыстырып, қызығушылықтарын ояту қажет. Ер балаларға әкеден артық тәрбие бере алатын ешкім жоқ. Ер балаға әкесі, қыз балаға шешеден артық тәрбие бере алатын ешкім жоқ. Ана қыз баламен сырласып, қыз баланың жанын түсіну керек. Дүниеге келген әрбір бала толыққанды отбасында тәрбиеленсе нұр үстіне нұр болар еді. Шарифатта ұстаз өзгені жамандыққа жібермейтіндігі туралы айтылған және сол үшін оларға пейіштен орын беріледі! – деген ғой. Ата – аналарға айтарымыз дұрыс, ізгілікті, адамгершілікті, тәрбиелі азамат тәрбиелеймін десеңіз, үнемі мектеппен тығыз байланыс жасап, балаға көп көңіл бөлу керек. Солай болған жағдайда ғана балаңыз елінің адал перзенті болары сөзсіз.

М.Жұмабаев «Тәрбие төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі, һәм тәрбиесі» – деген болатын. Егер адам баласына осы төрт тәрбие дұрыс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны...

Ұстаз бен ата-ана бірігіп осы тәрбиені баланың бойына дұрыс дарытса, жауапкершілікпен қараса бала «жаман бала» атанбайды.

Бүгінгі таңда азаматтық тәрбие жекелеген бағыттарға ғана емес, қоғам құндылықтарына қарай бағыт ұстайды. Өйткені азаматтық сезімнің басты нысаны – отан, оның мазмұны: туған жер, табиғат, дін, тіл, дәстүр, тарих, әдебиет, өнер. Олар жеке тұлғаны ерекше

жылылық, сүйіспеншілік сезіміне баурап, азаматтық сезімнің қайнар көзі болады. Ал қазақстандық азаматтық дегеніміз Қазақстанда тұратын барлық ұлт өкілдері, яғни қазақстандықтардың Отанымызға, елімізге, жерімізге деген сүйіспеншілігі. Отанды сүю әркімнің сана – сезіміне байланысты, қасиетті сезім. «Бұл сезім әркімді, әр кезеңде, оянып, кейін кәмелетке келгенде біржола буыны қатып, тәжірибемен, жаспен, уақытпен, біліммен, қоршаған ортаның ықпалымен, мемлекеттік және қоғамдық, әлеуметтік институттардың әсерімен қалыптасады.», – деп көрсетеді Ө. Қалмырзаев.

Отанға деген сүйіспеншілік, туған жерге құрмет, азаматтық – тұлғаның дамуындағы ең жоғарғы деңгейді сипаттайтын аса маңызды рухани игіліктерінің бірі. Ол адамның отан игілігі үшін қызмет етуінен, қажет болса, сол мақсат жолында ғұмырын құрбандыққа шалуға дейін баруынан көрінеді.

Бүгінгі жас ұрпақ – болашақ Қазақстан азаматы. Олар өзіміз қоршаған ірі өркениет орталықтарын, түрлі мәдениетті меңгеріп, өзін сыйлата алатын, рухани дүниесі бай, интеллект деңгейі жоғары, білімі де білікті жаһандану заманына сай болуы қажет.

Бүгінгі күні тәуелсіздікке қол жеткізіп отырған егеменді елімізді дамыту мен қорғау міндеттерінің тереңдей және күрделене түсуіне байланысты, азаматтық тәрбие мәселелеріне басты назар аударудың қажеттігі артып отыр.

Азаматтық тәрбиенің мақсаты – халық педагогикасы негізінде тұлғаның немесе әлеуметтік топтың патриоттық іс - әрекетке саналы түрде ұмтылысын сипаттайтын кәсіби, психологиялық және дене қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

Азаматтық сананы қалыптастыру барысында жеке әңгімелесу мен т.б. әлеуметтік зерттеулер арқылы қажеттіліктерді зерттеу және оның дамуына жәрдемдесу маңызды, себебі, мұның өзі азаматтық тәрбие мәселелерін тиімді шешуге көмектеседі.

Азаматтық тәрбие процесінде идеялық сенімділік, өз Отанына, ана тіліне, еліне, жеріне, мәдениеті мен салт – дәстүріне деген сүйіспеншілік, жалпы ұлтқа мақтаныш өз халқының тағдыры үшін жоғары жауапкершілік, туған Отанының әлеуттерін дамытуға ұмтылыс оны қорғауға даярлық қалыптасады.

Өскелең ұрпаққа азаматтық тәрбие беруде қызметінің негізгі мақсаты жеке тұлғаны өзін – өзі айқындауына және қалыптасуына жәрдем көрсету болып табылатын балалардың және жастардың қоғамдық қозғалыстары мен ұйымдары, шығармашылық одақтары айрықша рөл атқарады.

Педагогика ғылымында баланы тәрбиелеуде бірнеше бағытты басшылыққа алады, олар: қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие рухани – адамгершілік, салауатты өмір салты, экологиялық, экономикалық, эстетикалық және отбасылық мәдениет. Көп жылдық педагогикалық тәжірибе көрсеткеніндей, тәрбиенің толып жатқан түрлерінің нәтижесі болуы оның рухани тәрбиемен байланыспауы. Ендеше тәрбиенің барлық салалары бір арнаға тоғысуы керек.

Қазіргі кезеңде ұстаздар қауымының алдына қойылатын міндет – жастарға рухани – адамгершілік, азаматтық тәрбие беру және осы мақсатта ұлтымыздың ұлы мұраларын жаңғырту, яғни, ұлттық құндылықтарымызды басшылыққа алу. Қазіргі мектеп жасындағы балалар қылмыстың ең ауыр түрлеріне баратыны көбейіп барады. Бұл қиындықтан шығудың жолын табу – ата – ана, мұғалімдердің алдында тұрған шешімі қиын міндеттердің бірі.

Жаңару жолындағы Қазақстанға жаңаша ойлайтын, өмірге көзқарасы тың, нарық жағдайында тіршілік етіп, жұмыс істей алатын барынша білімді адамдар қажет. Бұл жағдай Қазақстанның ақыл – ой және шығармашылық әлеуетін қалыптастыру, рухани – адамгершілік мәдениеті жоғары шығармашыл тұлға тәрбиелеу керектігін көрсетеді.

Қоғамдық адамгершілік күштерін қалпына келтіруге түрткі болатын негізді табу және өскелең ұрпақты тәрбиелеудің сыннан өткен этикалық бағдарларына күш салу бұл жағдайдағы маңызды міндет болып табылады. Оқушылардың білімділік, тәрбиелік дәрежесі сияқты, олардың адамгершілік мәдениетінің дамуы да көптеген факторлар мен шарттарға, оның ішінде педагогтың адамгершілік мәдениетіне байланысты.

Мектеп пен мұғалім не істей алады? Қазіргі заман мектептің оқу- тәрбие үрдісіне тәрбиелік мәні бар, оқушыларға құндылық бағдар беруге, өміріне ізгілік дәнін шашуға, қоршаған әлем мен жақындарына және өзіне адамгершілікпен қарауға тәрбиелеуге бағытталған пәндерді енгізуге қажет етеді. Бұл тұрғыда әдеп, этика, адамның қоғамдағы мінез – құлық ережелері туралы ғылым сабақтарының маңызы зор. Аталған пәннің қажеттілігі сол, қазіргі балалар моральдық жағынан адасуға ұшырап, адам өмір тіршілігінің мәні туралы маңызды мәселелер жөніндегі сұхбат – сабақтарға зәру. Әдеп – тұлғаны іштей жетілдіруге бағытталған адам әрекетінің саласы адамның адамгершілік өмірі туралы ғылым. Этикалық тәрбиелеу жүйесі оқушыларға адамгершілік әсер берудің ауқымды күшіне ие, мектеп өмірінің барлық саласын қамтиды: сабақ, сабақ арасындағы үзіліс, сабақтан тыс іс – әрекет.

Олар өзара байланысты түрде оқушылардың этикалық мәдениетінің қалыптасуы мен дамуына алғы шарт жасайды.

Бүгінгі күнде ғылыми – педагогтар жалпы адамзаттық құндылықтардың, адамгершілік тәрбиесінің ақыл – ой дамуынан гөрі басымдылығын мойындап, орнықтыруға күш салады. Мұғалім бала бойында қандай адамгершілік түсініктер қалыптасқанын, ол қандай жағдайда жүзеге асқанын білуі қажет. Ал баланың азаматтық көзқарасының қалыптасуының, адамгершілік – психологиялық ұғым – түсініктерінің бекуінің сөзсіз маңызды көзі – отбасы. Отбасы – тұлғаны әлеуметтендірудің, мәдени, ұлттық, азаматтық құндылықтардың тарихи жалғастығының маңызды ортасы. Халықтың тілін, салтын, дәстүрін бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу үшін ұлттық құндылығымызды бағалай білуіміз шарт.

Бүгінгі жас ұрпақ – болашақ Қазақстан азаматы. Олар өзіміз қоршаған ірі өркениет орталықтарын, түрлі мәдениетті меңгеріп, өзін сыйлата алатын, рухани дүниесі бай, интеллект деңгейі жоғары, білімі де білікті жаһандану заманына сай болуы қажет.

Бүгінгі күні тәуелсіздікке қол жеткізіп отырған егеменді елімізді дамыту мен қорғау міндеттерінің тереңдей және күрделене түсуіне байланысты азаматтық тәрбие мәселелеріне басты назар аударудың қажеттігі артып отыр. Азаматтық тәрбие жұмысын жан – жақты ұйымдастыра отырып, оқушыларды тәрбиелеу болашақ қоғам мүддесі үшін еңбектене алатын, Отанын сүйетін, нағыз патриот тұлға етіп даярлауға бағытталады.

## **ВОСПИТАНИЕ ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА**

**Бондаренко М.И.**

*ГУ «Средняя школа №1 отдела образования акимата г.Костаная»*

Сейчас в нашем обществе значительно возрастает роль гражданско-правового образования граждан. Это вызвано усложнением экономических и политических процессов, социальных отношений, ростом ответственности человека за свою судьбу.

Гражданско-правовое образование предполагает создание системы обучения и воспитания, направленной на формирование правовой культуры личности. Ядром этой культуры является правосознание личности, включающее как системные научные знания о праве, правопорядке и его охране, так и эмоционально окрашенное оценочное отношение к праву и правопорядку и соответствующие ему установки. Однако правовая культура не ограничивается лишь знаниями, оценками и установками, она шире, чем сфера сознания, так как включает в себя непосредственные действия человека, его поведение (проявление законопослушания, уважения к праву, к закону) в различных, часто непредвиденных жизненных ситуациях; она предполагает умение и готовность личности решать свои жизненные проблемы, жить среди людей, общаться с ними, ориентируясь на нормы права и не выходя за рамки закона.

Гражданско-правовые нормы позволяют упорядочить общественные отношения, поведение людей. Они определяют, что «можно», а что «нельзя», каким образом надо поступать в той или иной жизненной ситуации. С первых шагов, которые ребенок делает самостоятельно, выбирая способы поведения, знание норм права должно оказывать ему помощь.

Приоритетное место отводится раскрытию ценностей гуманистической этики и формированию у учащихся нравственных ценностных ориентиров, мотивов нравственного поведения, опыта самооценки и оценки поведения других людей с позиций добра и зла. Обладание правовыми знаниями способствует накоплению опыта добрых дел и поступков, гуманных отношений со сверстниками и взрослыми.

Становление гуманистических ценностных ориентаций должно способствовать формированию у школьников таких свойств личности, как:

1. *чувство собственного достоинства, уважение к себе;*
2. *требовательность к себе, ответственность;*
3. *отрицательное отношение к унижению, оскорбительному обращению;*
4. *протест против любых проявлений насилия, стремление защитить свою честь;*
5. *жизнестойкость, уверенность в себе;*
6. *самообладание при промахе, ошибке;*
7. *умение не падать духом при неудачах;*
8. *умение радоваться жизни;*
9. *вера в добро, в справедливость.*